

Жоғарғы Алматы Медицина колледжі

Көздің қосымша мүшелерінің аурулары

Дайындаған: Әлібек А.Қ

Қабылдаған: Коко А.К



Көру мүшесі (organum visae; гр. organum — мүше, лат. visa — көру) — құрылысы күрделі көру талдағышының (анализаторының) жарықты қабылдағыш шеткі бөлімі. Ол көз алмасынан, көру жүйкесінен, көздің қорғаныс және көмекші мүшелерінен тұрады.

Көз — оптикалық жүйе. Жарық адамдардың айналадағы нәрселерді көруіне мүмкіндік беретін энергияның бір түрі. Алайда көру арқылы ғана біз қоршаған әлемді танимыз. Көру мүшесі – біздің көзіміз.

Қабактың аурулары:

1. Блефарит
2. Криптофтальм
3. Микроблефарон
4. Анкилоблефарон
5. Птоз
6. Теріскен
7. Жас бездерінің ауруы
8. Көз аурулары

Блефарит— көз қабақтарының шеткі жиектерінің қабынуы.

Себептері

- Қабақтағы теріскен
- Аллергиялық реакция
- Косметикалық заттар
- Күннің астында ұзақ қалып қою
- Шаңды бөлме



Емдеу:

- Қабынуға қарсы дәрі-дәрмектер
- Антибиотиктер
- Антисептиктер
- Қабақты шаю

Симптомдары:

Аурудың даму кезеңіне қарай симптомдар да әртүрлі келеді.


- Қабақ жиектерінің қызаруы, аздап қышыну, қабақтың ауырлауы
- Жылулықтан болатын қабақтың қарқынды қышуы. Көздің тез шаршауы, көздің қызаруы, қабақ жиектерінің көбіктенуі
- Көздің құмдануы сияқты сезім, қабақ жиектерінің қабыршақтануы



Криптофтальм- Көз алмасының қабақтың көз қуысының туа пайда болған жетілмеуі



Микроблефарон- қабақтың қысқаруы оның салдарынан көз саңылауларының жабылмауы



Анкилоблефарон- жоғарғы және жоғарғы қабақтардың тері пластинасы секілді жартылай бітесуі



Рис. 83.
Анкилоблефарон.



Птоз (көне грекше: ptōsis – құлау) — үстіңгі қабықтың кәтеріп тұратын бұлшық еті салға ұшырағандықтан еріксіз салбырауы. Толық птоздың қауіптігі сол бұл кезде қабақ тор қаббақа көз қарашығы арқылы жарықты өткізбейді. Соның нәтижесінде көру қабілеті төмендейді.



Теріскен – қабақтың шетінде пайда болатын, ауырсынатын, қызыл төмпешік. Түрі безеуге ұқсайды. Теріскен кірпіктің тамырына (фолликул) бактерия түскенде пайда болады. Бұл қабақтың май бездерінің бітелуіне және жұқпалануына апарады. Ауру жеңіл жайсыздық пайда болуымен сипатталады, бірақ, әдетте, емделіп, жазылады. Теріскен әсіресе, балалардың арасында кең таралған.



Аурудың симптомдары қандай? Негізгі симптомы – қабақтың шетіндегі ісінген, ауырсынатын, қызыл төмпешіктің пайда болуы. Сондай-ақ, келесілер байқалуы мүмкін: Көзден бөлінділер Жас ағуы қышу қабақтағы қабыршақтың түзілуі



Ауру қалай емделеді? Теріскен әдетте, үй жағдайында 7-10 күн ішінде емделеді. Қандай да бір дәрілік препараттарды, тамшылар ме жақпа майды қолданар алдында дәрігермен кеңесу қажет. Төменде тез жазылуға көмектесетін ұсыныстар келтірілген: көзге жылы, ылғал компресті 5-10 минуттен, күніне 3 немесе 4 рет басыңыз. Компресс ыстық емес, жылы болуы қажет, қабақты күйдіріп алмас үшін. көздің маңайын тазалықта ұстаңыз. Көзді қолмен ұстамаңыз, уқаламаңыз. Теріскен жазылғанға дейін макияж жасамаңыз, контактілік линза кимеңіз. Төмпешікті басуға, сығуға болмайды. Бұл инфекцияның таралуына апарады. Теріскенді медициналық емдеу қажет болса, дәрігер антибиотиктерді тағайындайды, сору үшін хирургиялық араласуды орындайды, немесе ісінуді азайту үшін стероидтық препаратты енгізеді. Сондай-ақ, дәрігер теріскеннің пайда болуына немесе оның ушығуына апарған негізгі ауруды емдейді.

Жас безінің аурулары

Дакроаденит-Жас безінің қабынуы, ауру сирек кездеседі, ол жоғарғы қабақтың ісінуімен қызаруымен және ауру сезімімен сипатталады, процесс жас безінің аймағында орналасады. Көздің жоғарғы және төменгі қозғалысы шектеледі.

Емі:

1. Құрғақ жылу басу
2. Пеницилин егу
3. Ірің кезінде тіліп, іріңді қуысты дренаждау





Қылилық - көздің көру осінің бекіту нүктесінен үнемі немесе кейде ауытқуы, бұл бинокулярлық көру қабілетінің бұзылуын тудырады. Қылилық сыртқы ақау арқылы – көздердің/көздің мұрынға немесе самайға қарай, үстіге немесе астыға қарай ауытқуы нәтижесінде байқалады. Сонымен қатар көзі қыли науқастың көзі қосарланып көрінеді, басы айналып, басы ауырады, көру қабілеті төмендеп, амблиопия туындауы мүмкін. Қылилықты тексеру әдісіне офтальмологиялық зерттеу (көздің қырағылығын, биомикроскопияны, периметрияны, офтальмоскопияны, скиаскопияны, рефрактометрияны тексеру, көзді биометрикалық зерттеу және т.б.), неврологиялық зерттеу кіреді. Қылилықты емдеу көзілдірік немесе байланыс коррекциясы, аппараттық ем-шаралар, плеоптикалық, ортоптикалық және диплоптикалық әдістемелер, хирургиялық коррекция арқылы жүргізіледі.

Қылилықты емдеу

Ынтамақты қылилық кезінде емдеудің ең басты мақсаты бинокулярлық көру қабілетін қалпына келтіру болып табылады, ол кезде көздердің ассиметриясы жойылады және көру функциялары реттеледі. Бұл шараларға оптикалық коррекция, плеоптико-ортооптикалық емдеу, қылилықты хирургиялық коррекция, операцияға дейінгі және операциядан кейінгі емдеу жатады.



Қылилықтың себептері

Туа біткен (инфантилдік) қылилықтың пайда болуы гетеротропияның отбасылық анамнезіне байланысты – жақын туыстардың қылилықпен ауыруына, генетикалық бұзылыстар (Крузон синдромы, Даун синдромы); құрсақтағы нәрестеге кейбір дәрі-дәрмектердің, есірткі заттардың, ішімдіктің тератогенді әсері, мерзімінен бұрын босану және салмағы аз бала туу, балалар церебралды параличі, гидроцефалия, көздің туа біткен ақауларына (туа біткен катарактаға) байланысты болады.



Көздің қосымша апараттарының аурулары




Экзофтальм-Бадырақкөз шын және жалған болып ажыратылады. Шын бадырақкөзге көз бен көз ұясының аурулары, ал жалған бадырақкөзге көздің нашар көруінен болатын аурулар жатады. Шын бадырақкөз тұрақты, ауыспалы, солқылдақ болып үшке бөлінеді. Тұрақты б-дің басты себептері: жалпы организм аурулары (лейкемия, тиреотоксикоз, т.б.), бас аурулары (ми ісігі, қан тамырларының кеңеюі), мұрын қуысы ісігінің немесе қабынуының көзге шабуы. Ауыспалы **бадырақкөз** тамырдың варикозды кеңеюінің салдарынан пайда болады. Венадағы қан қысымы көбейгенде көз ұясынан алға қарай ығысып, қайтқанда — ішіне түсіп, шүңірейіп тұрады.

Энофтальм- көз шарасының ұлғаюына байланысты көз алмасының тереңде орналасуы, артқа қарай ығысуын айтады.



Калабома- ұшбұрыш тәрізді немесе дөңгеленген қабақтың тіндеріндегі ақауы.



Қабактың ішке айналуы- кірпік қырының көз алмасына қарай айналып кетуі. Соның салдарынан көздің қасаң қабағы тітіркендіріп қабынуы.



Қабактың сыртқа айналуы- Кірпіктің қырының бет терісіне айналуы. жас ақыштыққа алып келеді.



Эпикантус- көздің ішкі
бұрыштарындағы екі жақты тері қабаты,
бір біріне қосылуы.



Лагофталъм- қабақ толық
жабылмауы бет нерв салдануынан



Блефораспазм- көздің айналасының бұлшық еттерінің түйілуі. Әдетте қасаң қабық жарақаттары мен аурулары.

